

Өнертабыс дегеніміз не

Қазақстан Республикасының Патент заңының 6-бабының 2-тармағына сәйкес өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизмнің штаммына, өсімдіктер немесе хайуанаттар клеткаларының көбеюіне), әдіске (материалдық объектімен іс-әрекетті материалдық құралдардың көмегімен жүзеге асыру процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады.

Егер жаңа, өнертабыстық деңгейге жеткен әрі өнеркәсіпте қолдануға жарамды болса, өнертабысқа құқықтық қорғау беріледі.

Қазақстан Республикасының Патент заңының 6-бабының 3-тармағына сәйкес мыналар:

1. жаңалықтар, ғылыми теориялар және математикалық әдістер;
2. шаруашылықты ұйымдастыру және басқару әдістері;
3. шартты белгілер, кестелер, ережелер;
4. ақыл-ой операцияларын орындау, ойындарды жүргізу ережелері мен әдістері;
5. есептегіш машиналарға арналған бағдарламалар мен алгоритмдердің өзі;
6. ғимараттар, үйлер, аумақтар жоспарларының жобалары мен тәсілдері;
7. бұйымдардың тек сыртқы түріне қатысты ұсыныстар;
8. қоғамдық тәртіпке, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін ұсыныстар өнертабыстар деп танылмайтындығына назар аудару қажет.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Патент заңының 6-бабының 3-1-тармағына сәйкес патенттер мыналарға:

- 1) адамды клондау тәсілдеріне және оның клонына;
- 2) адамның ұрықтық желісі жасушаларының генетикалық тұтастығын өзгерту тәсілдеріне;
- 3) адами эмбриондарды коммерциялық, әскери және өнеркәсіптік мақсаттарда пайдалануға берілмейді.

Өнертабысқа құқық Қазақстан Республикасы Патент заңына сәйкес жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша берілетін патентпен қорғалады.

Өнертабысқа патент өтінімге ресми сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізілгеннен кейін беріледі.

Өнертабысқа патенттерді беру туралы өтінімдердің сараптамасын сараптама жасау ұйымы болып табылатын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын жүргізеді.

Патент өнеркәсіптік меншік объектісіне басымдықты, авторлықты және айрықша құқықты куәландырады.

Өнертабысқа патент өтінімі берілген күннен бастап жиырма жыл бойы қолданылады.

Қолданылуы үшін Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсаттар алу талап етілетін дәрілік затқа, пестицидке жататын өнертабысқа қатысты айрықша құқықтың және осы құқықты куәландыратын патенттің қолданылу мерзімі патент иеленушінің өтінішхаты бойынша, бірақ бес жылдан аспайтындай етіп ұзартылуы мүмкін. Көрсетілген мерзім бес жыл шегеріле отырып, өнертабысқа патент беруге өтінімі берілген күннен бастап өнертабысты қолдануға алғаш рұқсат алынған күнге дейінгі өткен уақытқа ұзартылады.

Өтінімі және оған қоса берілген құжаттар

Өнертабысқа патент беру өтінімі келесідей құжаттарды қамтуы керек:

1) өнертабыс авторлары және атына қорғау құжаты сұралып отырған тұлғалар, сондай-ақ олардың тұрғылықты жері немесе орналасқан орны көрсетілген қорғау құжатын беру туралы өтініш;

2) тиісті салада біліктілікке ие маманның өнертабысты жүзеге асыруына жеткілікті деңгейде сипатталған өнертабыс сипаттамасы;

3) өнертабыс объектісін айқындайтын және оның мәнін білдіретін өнертабыс формуласы. Формула анық, нақты болуы және сипаттамаға негізделуі тиіс;

4) егер өнертабыстың мәнін түсіну үшін қажет болса, сызбалар және өзге де материалдар;

5) реферат;

6) сенімді өкілдер арқылы іс жүргізілген жағдайда – сенімхат.

Өнертабыс өтінімімен бірге:

1) формальды сараптама жүргізгені үшін ақы төлеуді қоса алғанда, өтінімі беруге ақы төленгенін;

2) ақы төлеу мөлшерін азайту негізін (*ҚР ӘМ «ҰЗМИ» РМК директорының 23 желтоқсан 2020 жылғы №254-нқ бұйрығы 2-ші қосымшасының 1.1 және 3.1 тармақшаларына сәйкес жеңілдікке ие тұлғалар санатына жататын өтінім берушілерге*) растайтын құжаттар қоса беріледі.

Өнертабысқа өтінімге қоса берілетін төлем құжаттары өтініммен бірге немесе өтінімі келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде ұсынылады.

Тиісті ақы төленген жағдайда бұл мерзім екі айға ұзартылады.

Төлем жөніндегі құжаттар белгіленген мерзімде тапсырылмаған жағдайда өтінімі берілмеген болып есептеледі.

Өтінім құжаттары Өнеркәсіптік меншік объектілері өтінімдеріне сараптама жүргізу қағидасына, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жыл 29 тамыздағы № 1349 <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/124989/kaz> бұйрығының 2-ші қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Құны

ӨНЕРТАБЫСҚА өтінім бойынша төленуі тиіс төлемдердің негізгі түрлері келесідей:

1. Өнертабысқа өтінімдер қабылдау және формалды сараптама жүргізу;
2. Өнертабысқа өтінімді мәні бойынша сараптау;
3. Өнертабысқа қорғау құжатын беру және оларды тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік тізілімде жариялау бойынша жұмыстарды жүргізу.

№	"Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы	Бағасы (ҚҚС-н есепке ала отырып, теңгеде)			
		Занды тұлғалар үшін	Шағын және орта бизнес субъектілері үшін	Жеке тұлғалар үшін	Бұйрықтың 2 қосымшасындағы 1.1), 3.1) сәйкес тармақтарындағы жеңілдік берілген тұлғалар үшін
1	Өнертабысқа өтінімдер қабылдау және формалды сараптама жүргізу	20 320,16	16 256,13	6 096,16	1 017,00
2	Патенттеуге қолайлы жағдайлар қарастырылған объектілері бойынша өнертабысқа өтінімдерді қабылдау және жеделдетілген формалды сараптама жүргізу	23 367,68	18 694,14	7 010,08	1 168,00
3	Өнертабыс өтінімне мәні бойынша сараптама жүргізу	66 959,20	53 567,36	20 088,32	3 350,00
1)	Өнертабыс формуласының бірден астам әр тәуелсіз тармағы үшін қосымша	53 519,20	43 815,36	16 055,20	2 676,00

4	Патенттеуге қолайлы жағдайлар қарастырылған объектілері бойынша өнертабысқа өтініміне мәні бойынша тездетілген сараптама жүргізу	80 351,04	64 280,83	24 104,64	4 020,00
1)	Өнертабыс формуласының бірден астам әр тәуелсіз тармағы үшін қосымша	53 519,20	43 815,36	16 055,20	2 676,00
5	Өнертабысқа қорғау құжатын беру және оларды тіркеу туралы мәліметтерді Мемлекеттік тізілімде жариялау бойынша жұмыстарды жүргізу	33 253,92	18 651,14	9 975,84	665,28

Қорғау құқығының мерзімін ұзарту кезінде:

№	"Қазақстан Республикасының Патент Заңы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауы	Бағасы (ҚҚС-н есепке ала отырып, теңгеде)			
		Заңды тұлғалар үшін	Шағын және орта бизнес субъектілері үшін	Жеке тұлғалар үшін	Бұйрықтың 2 қосымшасындағы 1.1), 3.1) сәйкес тармақтарындағы жеңілдік берілген тұлғалар үшін
1	Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіп үлгіге қорғау құжатының әрекет мерзімін ұзарту және ұзарту туралы мәліметтерді жариялау	8 611,68	8 611,68	8 611,68	435,00
2	Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіп үлгіге	11 299,68	9 089,74	3 390,24	565,00

	қорғау құжатының әрекет ету мерзімін қалпына келтіру және қорғау құжатының әрекет ету мерзімін қалпына келтіру туралы мәліметтерді жариялау				
--	--	--	--	--	--

Кезеңдер

Өнертабысқа патент беруге өтінім сараптамасы екі кезеңнен тұрады:

Ресми сараптама және мәні бойынша сараптама жүргізу.

Ресми сараптама жүргізу барысында Қазақстан Республикасының Патенттік Заңының 17-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың болуы және оларға қойылатын белгіленген талаптардың сақталуы тексеріледі.

Өтінімнің құжаттарына қойылатын талаптарды бұза отырып берілген өтінім бойынша өтінім берушіге ол жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде түзетілген немесе жоқ құжаттарды ұсыну ұсынысы бар сұрау салу жіберіледі.

Ресми сараптама оң нәтижемен аяқталған соң сараптама жасау ұйымы өтінімге мәні бойынша сараптама жүргізеді.

Өтінімнің мәні бойынша сараптамасы Сараптама жасау ұйымына өтінімнің мәні бойынша сараптамасының төленгенін растайтын құжатты ресми сараптама нәтижесі туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Өтінімнің мәні бойынша сараптамасы мәлімделген ұсынысты өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатқызу мүмкіндігін анықтауды, техника деңгейін анықтау үшін мәлімделген өнертабысқа қатысты ақпараттық іздестіру жүргізуді, мәлімделген объектінің (объектілердің) өнертабыс бірлігінің талаптарына және Қазақстан Республикасының Патент заңының 6-бабында белгіленген патентке қабілеттілік шарттарына сәйкестігін тексеруді қамтиды.

Егер өтінім өнертабыс ретінде қорғалмайтын объектілерге қатысты болса, өтінім берілген өнертабыс өтініш беруші сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнертабыстың патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде және өтінім беруші ұсынылған формулада өтінімнің бастапқы материалдарында жоқ белгілердің болуы туралы немесе өнертабыс ретінде қорғалатын объектіден басқа, өнертабыс ретінде қорғалатын объектілерге жатпайтын ұсынысты да сипаттайтын болса немесе оған қатысты өнертабыс бірлігі талаптары бұзылуына байланысты қарау өткізілмегені туралы

хабарланғаннан кейін өнертабыс формуласын өзгертпесе Өтінім берілген өнертабыс өтініш беруші сұраған құқықтық қорғау көлемінде өнертабыстың патент қабілеттілігі талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған кезде өнертабысқа патент беруден бас тарту туралы шешім шығарылады.

Өтінім беруші сараптама жасау ұйымының патент беруден бас тарту туралы шешімі жіберілген күннен бастап үш ай мерзімде уәкілетті органға қарсылық бере алады. Қарсылықты шағым кеңесі ол түскен күннен бастап төрт ай мерзімде қарауға тиіс.

Егер өтінімге мәні бойынша сараптама жасау нәтижесінде сараптама ұйымы өтінім беруші сұрап отырған құқықтық қорғау көлеміндегі мәлімделген ұсыныс Патент заңының 6-бабында айқындалған өнертабыстың патентке қабілеттілік шарттарына сәйкес келетінін анықтаса, онда өнертабысқа патент беру туралы шешім шығарылады.

Өтінім берушіге сараптама ұйымының патент беру туралы шешім қабылдағаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап үш ай ішінде өтінім беруші сараптама ұйымына патентті беруге дайындағаны және жариялағаны үшін тиісті төлемді растайтын құжатты ұсынады. Көрсетілген құжат ұсынылмаған кезде өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру төлемінің төленгені туралы құжат ұсынылған жағдайда төлем мерзімі үш ай ішінде қалпына келтірілуі мүмкін. Керісінше жағдайда өтінім кері қайтарып алынды деп есептеледі, өтінім бойынша іс жүргізу тоқтатылады, бұл жөнінде өтінім беруші қалпына келтіру мерзімі өткен күннен бастап бір ай мерзімде хабардар етіледі.

Өтінім беруші жариялау мақсатында қажетті құжаттарды, ал қажет болған жағдайда мерзімінен бұрын жариялау туралы өтінішті ұсынғаннан кейін «ҰЗМИ» РМК Өнертабыстардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізеді, патент беру туралы ақпаратты электрондық бюллетеньде жариялайды.

«ҰЗМИ» РМҚ
толтырады

Керегін Х белгісімен белгілеу қажет
«ҰЗМИ» РМҚ реквизиттері қойылған өтініш, өтінімнің келіп түсуі жөніндегі хабарлама болып табылады

Келіп түскен күні	(85) Халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыру күні	(21) Тіркеу №	(22) Берілген күні								
☐ (86) алушы ведомство белгілеген халықаралық өтінімді тіркеу нөмірі және халықаралық өтінімді берген күні ☐ (87) халықаралық өтінімнің нөмірі және халықаралық жарияланған күні ☐ (96) алушы ведомство белгілеген еуразиялық өтінімнің нөмірі және өтінімді берген күні ☐ (97) еуразиялық өтінімнің нөмірі және жарияланған күні Өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беру туралы ӨТІНІШ Төменде көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өтінім иесінің (иелерінің) атына өнертабысқа Қазақстан Республикасының патентін беруді сұраймын (сұраймыз) (71) Өтінім иесі (иелері): Стандарт бойынша елдің коды ДЗМҰ ST.3 (егер кондырылған болса) (Толық аты немесе атауы және тұратын немесе болатын жері көрсетіледі. Өтінім иелері-авторлардың тұрғылықты жері (72) коды бар бағанның тұсындағы бағанда келтіріледі) Өтінімді ҰЗМИ-ға берген күннен ертерек күн бойынша басымдық сұралған кезде ғана толтырылады Өнертабыстың басымдылығын күні бойынша белгілеуіңізді сұраймын (сұраймыз): ☐ брінші өтінімді (өтінімдерді) Париж конвенциясына қатысушы мемлекетке беру (Заңның 20-бабы 2-т.) ☐ Заңның 20-б. 4-т. сәйкес бұрынғы өтінімді ҰЗМИ-ға беру күні ☐ Заңның 20-б. 5-т. сәйкес бастапқы өтінімді ҰЗМИ-ға беру күні ☐ бастапқы өтінімнің басымдылығы(Заңның 20-б. 5-т.) (өтінімнің нөмірі _____, өтінімді берген күні _____) ☐ бұрынғы өтінімге қосымша материалдардың түсуі (Заңның 20-б. 3-т.) <table><tr><td>☐ (31) Бірінші, бұрынғы, бастапқы өтінімнің №</td><td>☐ (32) Басымдық сұралған күн</td><td colspan="2">(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)</td></tr><tr><td></td><td></td><td colspan="2"></td></tr></table> (54) Өнертабыстың атауы Хат алмасу үшін мекен-жай (толық пошталық мекен- жай және адресаттың аты) Телефон: Мобильдік телефон: Факс: Электрондық пошта адресі:				☐ (31) Бірінші, бұрынғы, бастапқы өтінімнің №	☐ (32) Басымдық сұралған күн	(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)					
☐ (31) Бірінші, бұрынғы, бастапқы өтінімнің №	☐ (32) Басымдық сұралған күн	(33) ST.3 бойынша берген елдің коды (конвенциялық басымдылық сұралған жағдайда)									

$\oplus$

(ҰЗМИ мөртаңбасы орны)

Формуламен жариялау үшін ұсынылатын сызбалар фигурасының № (рефератпен)

(72) Автор(лар)
(толық аты көрсетіледі)

Елдің атауы және белгіленген болса, ДЗМҰ ST.3 стандарты бойынша оның кодын қоса алғанда тұратын жерінің толық пошталық мекен-жайы

(аты- жөні, тегі)

патентті беру туралы мәліметтерді жариялау кезінде мені (бізді) автор (лар) ретінде көрсетпеуді сұраймын
(сұраймыз)

Автордың (авторлардың) қолы (қолдары):